

## Сыр өңірінен шыққан Жиес пен Жарғайын батырлар

Жиес Наушаұлы – (шамамен 1832/37-1913/18) – батыр. Тегі – Орта жүз Қыпшақ-Қара-Торы-Тұяқты-Досан-Тәңірберген аталығынан.

Жиес батыр қазіргі Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Аманкелді ауылының маңайында өмір сүрген. Батырдың бейіті – қазіргі Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Аманкелді ауылынан шығысқа қарай 3-4 шақырым жерде Баржық (Баршық) моласының маңайында орналасқан. Қазіргі уақытта төрткұлағы құлаған.

Жиес батырдың ата-баба шежіресін толығымен баяндасақ, былай болып келеді. Қыпшақтың Қара аталығынан шыққан Торы (Торыайғыр) батырдың ұрпағы болып келеді.

Бидас бидің ұлы Тұяқтыдан Әлке, Күлке, Есен, Аққозы, Қарақозы, Бәйбіше, Досан туады.

Досаннан Рысқұл, Қапай, Жиеншора, Нүрет абыз, Еспембет, Байшора туады.

Жиеншорадан Тәңірберген, Қалыбай туады. Тәңірбергеннен Есен, Ноқет, Қоңысбай туады. Ноқеттен Науша, Боранбай, Дауылбай, Рауыл туады. Наушадан Жиенбет, Жиенәлі, Жиес батыр туады.

Жиес батырдың үлкен ағасы Жиенбеттен Байқас, Сейітпенбет, Ершіман, Шермахан, Нұрмахан, Пірмахан туады. Қазіргі уақытта олардан ұрпақтар бар.

Екінші ағасы Жиенәліден Алтыбас туады, ұрпағы бар.

Жиес батыр елін, жерін сыртқы жаулардан, барымташы, ұры-каралардан қорғап тұрған айтулы ер.

Батыр бабамыз ірі денелі, қара торы, қайратты кісі болған.

Жиес батырдың әкесі Науша тегін адам болмаған.

Наушаның бірінші әйелінен бала болмаған. Екінші әйелін мынандай жағдайда алған екен.

Бір күні Науша бабамыз жолаушылап келе жатса, алдынан ойнап жүрген бір топ қыздар шығады. Сонда әлгі топтың ішінен 13 жасар бір қыз Наушаға қарап: «Әй, шал, қай жаққа бара жатырсың, мені алайын деп келе жатсың ба?» - дейді. Сонда Науша: «Иә, сені алайын деп келе жатырмын», - дейді де осы қызды әйелдікке алады, одан үш ұлы Жиенбет, Жиенәлі, Жиес батыр туады.

Науша бабамыздың балалары өсіп қалған кезде бұларға мінетін ат керек деп, батысқа қарай ат іздеп жүріп кетеді. Ол жақта 2 ай жүріп, тірсегі майысқан 2 тай алып келеді. Жұрт тайларды көріп Наушаны мазақ қылады: «Шал алжыды, алып келген тайларының түрін қара», - деп менсінбей күледі. Кейін сол екі тай, құнан бастан еш бәйге бермейтін болады. Бір күні біреуі қуырып жатқан тарыны жейін дегенде, былғауышпен біреу басынан ұрып жібереді, сонан кейін каракес болады.

Екінші ат та асқан жүйрік болған. Оны Науша баба шаруашылыққа пайдаланады, қосқа қосады. Тұлпар кешке қарай жабулы жабығы мен өзін өзі суытайын деп кетіп қалып, таңға жақын өзі келеді екен. Бұл тұлпар ешбір

көкпарды жібермейді. Сондай тұлпарларды таныған Науша баба осал болмаған.

Жиес батырдың батырлық мінездері бала кезінен байқала бастаған.

1840-1845 жылдардың бір күнінде Жиес бабамыздың ағалары Жиёмбет пен Жиенәлі бір топ адамдармен суға таласып қалып, төбелесіп қалады. Қарсыластары көптігін жасап ағаларын сабайды. 8 жасар бала Жиес ағаларының қасында болған. Сонда ағалары Жиеске айқайлап: «Әй, Жиес, ең болмаса аяқтарын тартсай», - деген екен. Сол кезде Жиес кетпеннің сабын алып 4-5 адамды ұрып жатқызады. Бұл Жиес батырдың 8 жасындағы ерлігі еді.

Арада уақыт өтеді.

1849-1854 жылдарда дарияның арғы бетінде Сұлу-төбеде тұрып жатқан Қара Қыпшақ Нияз деген байдың қызын үйіндегі құлы алып қашады. Содан Нияз бай жан жағына хабар жібереді. Жиестің әкесі Наушаға да: «Қызды алып қашты» деген хабар келеді. Сонда 17 жасар Жиес батыр шығайын деп жатқан әкесіне қарамай, үстіне шекпенін жамылып, қолтығына шолақ қылышын тығып, атына жайдақ шауып кетеді. Түнде қар жауып тұрады. Қардың үстінде екі аттының ізіне түсіп, ауылынан Қызылқұм беткейіндегі «Қалыстық қақ», «Қоржынды қақ» деген жерге тартады. Жиес батыр 45 шақырым жерді жайдақ шауып барады. «Қалыстық қақ», «Қоржынды қақ» деген жерде қашқындарға жетеді. Жиес жақындап қалған кезде құл бірінші болып қылышымен басынан шабады. Жиес қылышымен құлдың қылышын қағып түсіріп, өзін жерге алып ұрады. Үстіне шығып қылғындырып жатқанда, Жиес есінен танып қалады. Бір кезде есін жиып қараса, байдың қызы Жиесті қанжарымен сұғайын деп келе жатыр екен. Жиес оған қарап қалғанда, қыз оның сұстылығынан қорқып, тұрып қалады. Сонда Жиес: «Тарт қолыңды, жәлеп», - дейді. Қыз қашып кетеді. Жиес батыр екінші рет есінен танып қалады. Есін жиып қараса, қыз тағы жақындап қалғанын көреді. Сонда Жиес: «Сені де өлтірем!» - дегенде қыз қашады. Таң ата қыз үшінші рет Жиеске жақындай қалғанда Қара Қыпшақтардың қуғыншылары жетіп қалып, қызды сойылмен ұрып құлатады. Құлды байлап, Қара Қыпшақтар бұрыңғы «Қызыл ту» қазіргі Аманкелді ауылынан 7 шақырым жердегі «Үшкөн» деген жердің әйдік көліне келеді. Ол заманда тұрмысқа шықпаған қыздың бұндай қылықтары үлкен ұят болып саналған. Сондықтан қуғыншылар сөзге таба болмайық деп құлды Сұлутөбеге апармай «Үшкөн» жеріндегі әйдік көлдің үкісіне (үлкен ойығына) батырып өлтіреді. Ал қызды өздерімен Сұлу төбеге алып кетеді.

Ал Жиес батырға келсек, тақымы ойылып қалған екен. Аяғын көтере алмай үйінде 3 ай жатады. Оңай ма 45 шақырым жерді тоқтамай атпен жайдақ шабу.

Жиес батыр өзімен немене бауыр болып келетін, Тұяқтының Бәйбіше аталығынан шыққан Жарғайын батырмен жақын дос болған. Жарғайын батырдың жасы Жиес батырдан шамалы үлкендеу болған.

Елде оларды Жарғайын-Жиес дейді екен.

**Жарғайын батыр** қазіргі Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Жөлек маңайында 19 ғасырда өмір сүрген.

Жарғайын батырдың бейіті белгісіз болып отыр.

Жиес батырдың Қара қыпшақ Нияз байдың қызын құлдан алып қайтарған дағы ерлігі бүкіл елге жария болады. Жиес батырдың аты елге кең жайыла бастайды. Ерлігін Бәйбіше Жарғайын батырда есітіп, Жиес батырға өзі келіп: «Жиес екеуіміз дос болайық, бірігейік. Қазір барымталар көбейіп кетті, оларға тойтарыс берейік», - дейді. Жиес келіседі.

Содан кейін, 1849-1854 жылдары Жарғайын батыр мен Жиес батыр Жаңақорған сыртындағы Қаратау бөктеріндегі елді көрейік, халықтың пиғылын көрейік деп жолға шығады. Басқа ойлары болмаған.

Сол манайда көшіп жүрген бір бай оларды мал ұрлап жүрген ұры деп ұстап алып, түйеге байлап қойып, қазіргі Жамбыл облысына көшіп кетеді. Күні, түні көшіп жүріп қазіргі Жамбыл облысының бір тауының теріскейінде жайлауға қонады. Жайлауға қонғаннан кейін, тамақ асылады. Жұрт әлгі байдың үйіне алтыатар мылтығын көрейін деп жиналады. Мылтықты 2 қайтара көреді. Бай тамақтың алдында алтыатарды керегенің басына іліп қояды. Жарғайын батыр сырттан бақылап отырады. Енді тамақты: «Кәне бастайық, бастайық», - деп отырғанда, Жарғайын батыр қараш үйдің киізін тіліп, алтыатар мылтықты алып кетеді. Кешке қарай Жарғайын батыр қашып кетеді. Ертене Жиес батырды дарға асатын болады. Сол елдің байы ма, әлде биі ма арқан керіп, мойына салады да: «Ақырғы сөзінді айт», - дейді. Сонда Жиес батыр: «Мен қыпшақпын, ұраным Ойбас! Ойбас! Ойбас!» - деп ұранын айқайлап айтады. Сол кезде мауыт шекпен киген сұлу келіншек келіп Жиестің мойнындағы арқанды қылышымен кесіп, Жиесті құшақтап үйіне апарады. Кешкілік дастарханда отырғанда, күйеуі, бағанағы осы елдің биі: «Ай, сенің апаң қыпшақ еді, апаңның атын айтшы» - дегенде, қасында отырған келіншегі (Қыпшақ қызы) 2 самайындағы шашын сипай беріп, Жиеске белгі береді.

Жиес батыр: «Ей, ол кезде жас едік, атын ұмытып қалыппын, аты не Сұлушаш, не Қарашаш», - деген екен. Би: «Таптың! Таптың!» - дейді.

Бидің әйелі: «Естеріне сақтаңдар көшкен жұрттың күлінің астына, мен жаужұмыр мен күлшелерді көміп кеттім. Соны жесеңдер аман-есен елдеріңе қайтасыңдар!» - деп айтады.

Екі батыр жүйрік аттарына мініп алып, ауылдың көрінген адамдарына: - «Ал біздер кеттік, қуам десеңдер, қуындар!» - дейді де 2 үйір жылқысын айдап әкетеді. Бірақ, артынан ешкім қумайды.

Жарғайын мен Жиес батырлардың ұраны: «Әкең Жарғайын-Жиес» екен.

Елде: «Жарғайын-Жиес ұранын есіткен адам қарсы тұра алмай, көтерілмейді. Бесікте жылап жатқан бала атын есітсе жұбанып қалады» деген сөз қалған екен.

Жарғайын-Жиес батырлар Тұяқты Тұрсынбай датқаның баласы Әлімбет болыстың (1827-1909) сарбаздары болады.

Бір күні Әлімбет болыс Арқадан қайтып келе жатып, жолда бір ақ боз үйге түседі. Ақ боз үйдің аяқ жағында қара жорға байланып тұрады. Үйге кірсе бір төре жатады. Төре Әлімбетті көріп, басын көтермейді. Әлімбет болыс: «Мен Әлімбетпін!» - дейді. Төре: «Мен Әлімбет емессің! Өзіңе өзін Әлімбетсің», - дейді. Сонда Әлімбет ашуланып: «Иә сенің басыңды алдырамын, иә қара жорғанды алдырамын», - деп шығып кетеді.

Әлімбет еліне келіп: «Мен осындай қорлық көрдім» - деп Жарғайын-Жиесті Арқаға жібереді. Жарғайын-Жиес азанда төренің ауылына жетіп, үйінің есігін төңкеріп тастайды. Ішке Жарғайын батыр кіргенде, төре басын көтереді, сонда Жарғайын: «Тұрсаң басыңды аламын!» - дейді. Төре басын көтермейді. Жарғайын-Жиес қара жорғасын алып кетеді. Артынан ешкім кумайды.

Күзге қарай бас тауарларымен 4-5 түйсін жетектеп әлгі төре Әлімбетке келіп кешірім сұрайды. 1 күн жатып: «Осы анада барған екі баланы көрсетші», - дейді. Әлімбет: «Ол балалар осы жерде жүрген», - деген екен.

Төре Жарғайын-Жиесті көріп, құшақтап, көрісіп жылайды. Әлімбет пен төренің кездескен жері, «Қожжан қожа» қорымының шығыс бетінде Әлімбет жайлауында болады. Кейін Әлімбет осы кісімен дос болып кетеді.

Жиестің екі ағасы Арқада көшіп жүреді, өзі Сырда болады. Жиес сері болып, домбыра тартып жүреді екен. Бай болмаған. Малы таусылып қалса, Арқаға хабар жібереді, екі ағасы малын жіберсе, соны жеп жата береді екен.

Бір күні Әлімбет болыс Арқаға бір асқа барады. Аста оған, сол жақтағы кісілер: «Бұл жақта сендердің Қалыбайдың балалары бар», - дейді. «Егер бұл жақта жүре берсе, Қаракесек болып кетеді. Қалыбайдың балаларын елге қайтару керек!» - дейді.

Әлімбеттің Қалыбай деп тұрғаны Жиес батырдың бабасы Тәңірберген Жиеншораұлының інісі Қалыбай Жиеншораұлы еді. Жиес Тәңірберген Жиеншораұлына шөбере болып келеді.

Әлімбет Сыр бойына келіп, елін жинап: «Арқада Қалыбайдың балалары бар екен, соларды елге алдыру керек» - деп шешім шығарады. Сөйтіп түйе, аттарымен бір топ адамды Жиес батырмен Арқаға жібереді. Олар Қалыбайдың балаларына барып, оларды жинап, жасырын түрде көшетінін айтқан, яғни оларды ұрлап көшіріп әкелу болған. Арқадағы Қаракесектер Қалыбайдың балаларын жібергісі келмеген, өйткені құдандалы, жекжат болып қалған ғой, Қалыбайдың балаларының арасында қыздары, жиендері болған. Кейбір қыздар күйеулерімен келген екен. Артынан құғыншылар шыққан кезде Жиес батыр оларды жібермей тұрған.

Қалыбай балаларының ішінде Өсербай (қазір Сыр бойында, осы кісінің Өсер қыстауы бар), баласы Омар. Дүйсенбай, баласы Темірбек. Құлланбек, баласы Тоқбай, одан Сақтан туады. Базарбек, Жүнісбек, Асқар, Әбді, Әбдіхан, Көшербай, баласы Тәжікен деген кісілер болған. Сыр бойына келісімен, оларды ағайындары «Жаңа туғандар» деген екен.

Күндердің бір күнінде Жиес Арқада тұрып жатқан ағаларына қыдырып қайтайын деп қасына досы Жарғайын батырды ертіп кетеді. Арқаға барғанда, Жиес женгесіне алтыатар мылтығын «тығып қой» деп беріп, 1 апта жатады.

Бір уақытта сол елде жанжал шығады. Арқадағы ел Жиестің ағаларына келіп, Жиес пен Жарғайынның түрлері суық, бізге зияны тиіп жүрер, еліне қайтар. Болмаса ел болып қуып шығамыз дейді. Сонда ағалары: «қалай қуып жібереміз, біз кетіп қалайық, өз амалдарыңды өздерің істендер» деп кетіп қалады. Алыстан қалың шаң көрінеді. Жиес жеңгесіне келіп: «Алтыатарымды бер» - дейді, жеңгесі бермейді. Сонда Жиес дәу бақанды қолына алып шауып келе жатқан аттыларға Жарғайын екеуі қарсы шабады. Келгендер 75 атты адам болып екеуін қоршайды. Сонда Жарғайын мен Жиес батырлар аттарының құйрығын түйістіріп қойып, қоршауды жарып өтеді. Қарсыластарын аттарынан ұрып құлатады, көбісі қашады. Ағалары бір төбенің үстінен бақылап отырып, істің үдеріп кететінін сезіп, қырғынды әрең тоқтатады. Қандай жүректілік десеңізші 2 жігіттің 75 адамға қарсы шыққанын.

Бір күні Жарғайын-Жиес жол жүріп келе жатып, түнде далада тамақтанып қалады. Тамақтанып болған соң, ары қарай жол жүре береді. Жолда Жиестің есіне тамақтанып отырған жерінде кездігі қалып қойғаны түсіп: «Ой, кездігім қалып қойған екен», - дейді. Сонда Жарғайын: «Ой, жүре берейік, қайтып келе жатып, тауып аламыз», - дейді екен. Сонымен қайтып келе жатып жанағы жерге барады. Жарғайын аттын үстінде сойылын ұстап отырады, Жиес іздесе, Жарғайын кезігінің үстінен басып тұр. Сонда Жарғайын батыр: «Менің жол бастаушы түлкім бар, қандай қараңғы түн болса, сол түлкім арқылы жүре берем», - деген екен.

Тағы бір Жиес батырдың ерлігін айтып жіберейік. Бір күні Жиес батыр барымталанған жылқының сонынан барып, сол жақтан 17 бас жылқыны айдап келеді. Сырдарияға келсе сен жүріп жатыр, ал Жиестің артынан құғыншылар жақындап қалған еді. Сонда Жиес атының құйрығын келесі аттың кекіліне байлап, 17 жылқыны сеннен алып өтеді. Сырдарияның арғы бетіне өткенде құғыншылар бергі бетіне келіп жетеді. Бірақ олар қаһарлы сеннен өтуге бата алмаған.

Қартайған шағында Жиес батыр бір түс көреді. Түсінде: «Жиес бір ақбоз атқа мініп, бір биік төбенің үстінде тұр екен. Басында ақ сәлде, үстінде ақ шапан бар екен. Ал Жарғайын төменгі жақта қой бағып жүр екен». Түсін осы маңайда өмір сүретін, Тобықты Арғын аталығынан шыққан Баржық молдаға жорытады. Сонда Баршық молда: «Шырағым келін бір жаман неме көтереді. Артың жақсы болады», - деген. «Ал, Жарғайын сонымен кетеді» - деген. Кейін Жарғайын батыр қартайған шағында алжып кетеді. Жиес батырдың баласы жоқ еді. Баршық молданың айтқанына қуанып, сақалын жуып жылаған екен. Құдайыға бір мал сояды.

Жиес батыр Әбдіраман баласын қартайған шағында көреді. Қазақтың әдеп-ғұрыпы бойынша балаға әкесі айдар қояды. Бала 9 жасқа келіп қалғанда айдары құйрығына дейін өсіп қалады. Әбдіраман ержүрек, шатақ болып өседі, бірақ ауылда балалармен төбелескенде ылғи жеңіліп қала береді, себебі қарсыластары оның айдары ұзын болғандығынан, шашын тартып құлатады екен. Бір күні бала төбелестен жеңіліп қалып, үйіне ашулы келіп, айдарын қайшымен кесейін деп жатқанын шешесі көріп, дереу әкесіне хабарлайды.

Қазақтың салты бойынша айдарды, бала 13 жасқа толғанда кеседі ғой, бірақ Жиес батыр баласының көңіліне қарай, айдарын 9 жасында кестіріп, малын сойып, тойын жасайды.

Бір күні Жиес бір асқа бара жатқанда Әбдіраман баласының атына мінеді. Сонда баласы: «Менің атым ғой!» - деп аттың шылауынан ұстап жібермейді. Жиес оны қамшымен тартып жібереді. Бала құлап қалады. Жиес астан баласына піскен бүйрек алып келсе, баласының қашып кеткенін есітіп, «жалғыз баламды өлтіріп алдым» деп сақалын жуып жылайды. Қайтсін енді неше жылдан кейін күткен баласы ғой. Бала бір жетіден кейін келеді. Осы уақытта ол үйіне білдірмей, қамысты кесіп қазандағы піскен сүттің қаймағын ішіп жүрген. Бір аптадан кейін келгенде балаға әкесі дым демей, бетінен қақпай жүре береді.

Алдында айтып өттім ғой, Әбдіраман шатақ болып өседі деп. Балаға ой келеді, әкесін ел батыр дейді, ал батыр адамдар қорқа ма екен деп, қорқытайын дейді. Бір күні Жиесті көршісі қонаққа шақырады. Кешкісін, күн батқан кезде Жиес үйіне қайтып келе жатады. Сонда баласы үйге бұрын кіріп алып, әкесі асханаға кіре бергенде құйрығынан қолымен ит құсап арс ете қалады, Жиес үйге қарай жүгіріп кетеді. Сонда баласы: «Әй батырда қорқа ма екен?» - десе, Жиес батыр: «Әй, батыр да адам, ол да қорқады, үркеді, бірақ бетпе-бетке келгенде қорықпаймын», - деген екен.

Жиестің баласының тағы бір мынадай қылығы болған. Үйлерінде керегенің бойымен бірдей үлкен шарайна болған. Бір күні Әбдіраман шешесіне: «Апа, мынау айнаны сындырайын ба?» - дейді. Шешесі: «Иә, сындыра ғой» дегенде, баласы айнаны аяғымен бір теуіп сындырып, далаға қашып кетеді. Үйде 2-3 күн болмай қайта табысады екен.

Жиестің жалғыз баласы Әбдіраман сауатты болады, арабша жазу білген. Ауылда колхоз құрылғанда, колхоз председателінің орынбасары, кейін бригадир, ферманың бастығы, мурап болады, бірақ партия мүшесі болмаған.

Әбдіраман Жиесұлының бейіті – қазіргі Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Аманкелді ауылының манайындағы Елкей моласы, Баршықтан оңтүстікке қарай 100 метрдей жерде төртқұлағы тұр.

Жиес пен Жарғайын батырлардың қартайған шағында соңғы кездесуі былай болған.

Бір күні Жиестің ауылында, қырманда халық тары басып жатады. Бір кезде ауылға хабар келеді: «Жарғайын келе жатыр» деген. Жиес Жарғайынды күтіп, алдынан шығады. Жарғайын жақындағанда Жиес алдынан шығып, екеуі жұлқыласып кетеді. Бұлардың айқасып жатқанын көрген адамдар жан-жаққа қашып кетеді. Бір уақытта екеуінің аттары жатып қалады, сонда екеуі түрегеліп, құшақтасады. Жиес қонағына бір дәу ешкіні сойғызады. Алдымен олар бір қазан сөкті соның сорпасына қайнатып береді. Сосын ешкіні жейді. Осы оқиғаны Жиестің баласы, кішкентай Әбдіраман көрген екен. Әбдіраман әкесінің тізесінде жатып ұйықтап қалған. Таң ата Жиес: «Тұр, балам, таң намазы болып қалды» - деп тізесінде жатқан баланы

оятады. Кейін Әбдіраман баласы бұл кісілердің орындарынан тұрмай бір қазан етті жеп қойғанын айтып, қайраттылығына таң қалып айтып жүрген.

Енді Жиес батырдың ұрпақтарына келейік.

Жиестің бірінші зайыбының есімі Тұрған болған, одан бала жоқ. Екіншісінің есімі Тойындық, тегі – Найман. Осы Тойындықтан бала көреді.

Бірінші қызы – Ибагүл, ол кісі Найманның байы Нұрекеге тұрмысқа шыққан. Ертай, Хусайын деген жұрағаты болып келеді.

Екінші - Әбдіраман (1892-1970), оның зайыбы Ахметқызы Жұмакүл (1900 - 1984), тегі – Қонақбай Қыпшақ.

Әбдіраманнан 1937 жылы Кеңесбек, 1945 жылы Сұлтанбек туады.

Кеңесбек ақсақалдың зайыбы 1940 ж.т. Гүлшат Әуезқызы, тегі – Алтыбас Қыпшақ. Балалары – 1962 ж.т. Төребек, 1968 ж.т. Нұрлыбек, 1973 ж.т. Қайырбек, 1977 ж.т. Мейірбек.

Сұлтанбек зайыбы Бейбіт Мұхамедқалиқызы. Балалары – 1977 ж.т. Сәкен, 1979 ж.т. Өскен, 1981 ж.т. Сұнғат, 1983 ж.т. Досбай.

Үшіншісі қызы – Мінәйім, ол кісі Көкмұрын Қыпшақ Көшербай деген кісіге тұрмысқа шығады, одан Тоқтасын туады.

Жиес батырдың ұрпақтарында 1959 жылға дейін алтыатар мылтығы үйде кебежеде сақталып келген. Кейін белгісіз жағдайда мылтығы жоғалып кеткен.



### **Жиес батырдың бейіті**

Бақытжан Ахметбек, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті «Қорқыттану және өлке тарихы» ғылыми-зерттеу институтының ғылыми қызметкері

## Пайдаланылған дерек көзі

1. Бақытжан Ахметбектің дерек қорынан, Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Аманкелді ауылының тұрғыны, Жиес батырдың немересі 1937 ж.т. Кеңесбек Әбдіраманұлының дерегінен алынған мағлұматтар